

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сауд Арабиясы Корольдігі Үкіметі арасындағы Өзара түсіністік туралы меморандумды бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 желтоқсандағы N 502 Заңы

Эр-Риядта 2001 жылғы 22 қазанда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сауд Арабиясы Корольдігі Үкіметі арасындағы "А. Сызғанов атындағы Хирургия ғылыми орталығы" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны жанынан Кардиохирургия орталығын құру жобасын жүзеге асыруға Сауд Арабиясы Корольдігі Үкіметінің грантын тарту жөніндегі Өзара түсіністік туралы меморандум бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

"ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

(Меморандум қол қойылған күннен бастап күшіне енді - СІМ-нің ресми сайты)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жауапты адамдарымен келіссөз жүргізу, жобаның орналасқан жерімен танысу, қажеттілікті зерттеу және мүдделі адамдармен кездесу үшін Хыжраның 1421 жылғы 15 қарашасына сәйкес келетін 2001 жылғы 9 ақпанда болған Корольдіктің Қаржы және ұлттық экономика министрлігінің техникалық делегацияларының Қазақстанға сапарының қорытындысын ескере отырып, Қазақстанда аурухана салу үшін бес миллион АҚШ долларын бөлуге арналған Жоғары келісімнің негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сауд Арабиясы Корольдігі Үкіметінің арасындағы ынтымақтастық принциптеріне сүйене отырып, осы жобаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар шеңберін белгілеу ниетін негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сауд Арабиясы Корольдігінің Үкіметі мынаған келісті:

1.а. Орталық өкілдерінің алып жүруімен делегация мүшелері барып көрген мамандандырылған кардиохирургия жобасының (аурухана) орналасатын орны осы Меморандумға қоса берілген жалпы жоспарға сәйкес Алматы қаласындағы А.Н. Сызғанов атындағы хирургиялық кешенде ғимарат салу үшін бөліп берілген жер учаскесінде болады.

б. Гранттық сомасы екі мақсатқа арналады:

Бірінші - қазақстан тарабы дайындаған есепке сәйкес алғашқы құны 3 200 000 (үш миллион екі жүз мың) америка доллары болатын жалпы ауданы 4495 шаршы метр болатын бірнеше қабаттан тұратын аурухананың құрылысы. Екінші - қалған сомаға медициналық аспаптар мен жабдықтар сатып алу.

в. Қазақстан тарабы (А.Н. Сызғанов атындағы хирургиялық орталық) сауд тарабына

қажеттілік, жобаның бағдарлылығы мен мәні туралы, толық жобалау және жобаны, макетті, жобаның сызбаларын дайындау үшін аурухананың жалпы бағдарламасын ұ с ы н у ы т и і с .

2. Жоба грантты пайдаланушы бөліп берген жер учаскесіне арналған гранттың шеңберінде жүзеге асырылады. Сауд Арабиясы Корольдігінің Қаржы және ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) мынаны қолға алады:

- жобаның макетін, өлшемдерін, нобайларын, соңғы сызбалары мен құжаттарын дайындайды, жобаның алғашқы сызбаларына қазақстан тарабының келісімінен кейін Қазақстанға техникалық топтардың келуі барысында қазақстан тарабы ұсынған ұсыныстарға сәйкес сауд инженерлік консультативтік компанияларының бірі арқылы жобаны іске асыру барысына техникалық қадағалауды жүзеге асырады;

- сауд және қазақстандық фирмаларды қоса алғанда, мамандандырылған компаниялардың арасында жобаны тендерге қояды. Министрлік тендерге қатысушыларды біліктіліктен өткізеді және ең үздік ұсыныстардың негізінде ж е ң і м п а з д ы а н ы қ т а й д ы ;

- жобаны қаржыландыруды консалтингтік компания бекіткен мердігердің есебі негізінде жұмыс барысы бойынша Министрлік жүзеге асырады.

3. Корольдіктің жобаны қажетті деңгейде жүзеге асыру ниетін негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мыналарды қолға алатындығы туралы у а ғ д а л а с т ы қ қ а қ о л ж е т т і :

3.1. Ешқандай кедергісіз жер учаскесін ұсынады.

3.2. Қажетті материалдарды тасымалдау, сақтау, импорт баждарынан және материалдардың, жабдықтардың, аспаптар мен техниканың тура және жанама салықтарынан босату жөніндегі барлық шараларды қолға алады, сондай-ақ кедендік тазартуды кідіртпей жүргізеді. Қандайда бір себептер бойынша бұл шараларды орындау қиын болған жағдайда Қазақстан Үкіметі барлық салықтарды алымдар мен төлемдерді, сондай-ақ олар келіп жеткеннен кейін бірден материалдардың кедендік т а з а р т у ы н ө з і н е а л а д ы .

3.3. Жобаның мердігері үшін барлық жеңілдіктерді, құрылыс жүргізуге арналған лицензияны және өзге де қажетті рұқсаттарды ұсынады, мердігерді елдегі мердігерлердің, сондай-ақ оның қызметкерлерінің, жұмысшыларының қызметіне қолданылатын барлық салықтар мен баждардан босатады және осындай жеңілдіктерді жобаны іске асыру жөніндегі мердігерлермен қатар жұмыс істейтін компанияларға да ұ с ы н а д ы .

3.4. Нобайлар мен жұмыс сызбаларын дайындауды жүзеге асыратын және жобаны іске асыру барысына қадағалау жүргізетін консалтингтік компанияның жұмысшыларына көмек көрсетеді, сондай-ақ компанияның қызметі және оның қызметкерлері, жабдықтары мен автокөліктері үшін қажетті рұқсаттарды ұсынады, оларды барлық салықтар мен баждардан босатады.

3.5. Сауд тарабымен байланыс жасау үшін Денсаулық сақтау комитетінің төрағасына өкілеттік береді.

3.6. Бұл жоба Сауд Арабиясы Корольдігінің гранты есебінен жүзеге асырылғандығы туралы араб және қазақ тілдерінде жазуы бар тиісті көлемдегі ескерткіш тақталанатын.

Меморандум қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді. Эр-Рияд қаласында араб, қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде екі дана 1422 Хыжраға сәйкес келетін 2001 жылғы 22 қазанында қол қойылды, бұл ретте оның барлық мәтіндерінің тең күші бар. Талас туған жағдайда ағылшын мәтіні негізге алынады.

<i>Сауд Арабиясы Корольдігінің</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>
<i>Қаржы және ұлттық</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
<i>экономика министрінің</i>	<i>Төтенше және Өкілетті Елшісі</i>
	<i>экономикалық мәселелер</i>
<i>жөніндегі</i>	<i>орынбасары</i>

Араб тілінен аударылды

Сауд Арабиясы Корольдігі

Сыртқы істер министрлігі

Сауд Арабиясы Корольдігінің Сыртқы істер министрлігі Эр-Риядтағы Қазақстан Республикасының Елшілігіне және Елшіліктің "А.Н. Сызғанов атындағы хирургия ғылыми орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны жанынан Кардиохирургия орталығын құру жобасын іске асыру туралы Меморандумның мәтініне техникалық өзгерістер енгізуге байланысты 2003 жылғы 19 мамырдағы N 538 нотасына жауапқа өзінің құрметін білдіреді.

САК СІМ қазақстандықтар жағының осы құжатта еске салынғандай, ағылшынша мәтінге сәйкес Меморандумның ережесіне әсер ететін өзгерістер енгізілмейді деген шартпен "А.Н. Сызғанов атындағы хирургия ғылыми орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны жанынан Кардиохирургия орталығын құру жобасын іске асыру жөніндегі Меморандумның қазақша мәтініне редакциялық өзгерістер енгізуге байланысты өтінішіне тиісті САК тарапынан келісім берілгенін және осы нота Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылатынын хабарлау құрметіне ие.

Министрлік өзінің ең жоғары құрметін қайта қалпына келтіруіне сендіру үшін осы жағдайды пайдаланып отырып.

N 56322/33/96 7.06.2003 ж.

ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жауапты адамдарымен келіссөз жүргізу, жобаның орналасқан жерімен танысу, қажеттілікті зерттеу және мүдделі адамдармен кездесу үшін Хыжраның 1421 жылғы 15 қарашасына сәйкес келетін 2001 жылғы 9 ақпанда болған Корольдіктің Қаржы және ұлттық экономика министрлігінің техникалық делегацияларының Қазақстанға сапарының қорытындысын ескере отырып, Қазақстанда аурухана салу үшін бес миллион АҚШ долларын бөлуге арналған Жоғары келісімнің негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сауд Арабиясы Корольдігі Үкіметінің арасындағы ынтымақтастық принциптеріне сүйене отырып, осы жобаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар шеңберін белгілеу ниетін негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сауд Арабиясы Корольдігінің Үкіметі мынаған келісті:

1.а. Орталық өкілдерінің алып жүруімен делегация мүшелері барып көрген мамандандырылған кардиохирургия жобасының (аурухана) орналасатын орны осы Меморандумға қоса берілген жалпы жоспарға сәйкес Алматы қаласындағы А.Н. Сызғанов атындағы хирургиялық кешенде ғимарат салу үшін бөліп берілген жер учаскесінде болады;

б. Гранттың сомасы екі мақсатқа арналады: Бірінші - қазақстан тарабы дайындаған есепке сәйкес алғашқы құны 3 200 000 (үш миллион екі жүз мың) американ доллары болатын жалпы ауданы 4495 шаршы метр болатын бірнеше қабаттан тұратын аурухананың құрылысы. Екінші - қалған сомаға медициналық аспаптар мен жабдықтар сатып алу.

в. Қазақстан тарабы (А.Н. Сызғанов атындағы хирургиялық орталық) сауд тарабына қажеттілік, жобаның бағдарлылығы мен мәні туралы, толық жобалау және жобаны, макетті, жобаның сызбаларын дайындау үшін аурухананың жалпы бағдарламасын ұсынуды тиіс.

2. Жоба грантты пайдаланушы бөліп берген жер учаскесіне арналған гранттың шеңберінде жүзеге асырылады. Сауд Арабиясы Корольдігінің Қаржы және ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) мынаны қолға алады:

- жобаның макетін, өлшемдерін, нобайларын, соңғы сызбалары мен құжаттарын дайындайды, жобаның алғашқы сызбаларына қазақстан тарабының келісімінен кейін Қазақстанға техникалық топтардың келуі барысында қазақстан тарабы ұсынған ұсыныстарға сәйкес сауд инженерлік консультативтік компанияларының бірі арқылы жобаны іске асыру барысына техникалық қадағалауды жүзеге асырады;

- сауд және қазақстандық фирмаларды қоса алғанда, мамандандырылған компаниялардың арасында жобаны тендерге қояды. Министрлік тендерге қатысушыларды біліктіліктен өткізеді және ең үздік ұсыныстардың негізінде жеңімпазды анықтайды;

- жобаны қаржыландыруды консалтингтік компания бекіткен мердігердің есебі негізінде жұмыс барысы бойынша Министрлік жүзеге асырады.

3. Корольдіктің жобаны қажетті деңгейде жүзеге асыру ниетін негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мыналарды қолға алатындығы туралы у а ғ д а л а с т ы қ қ а қ о л ж е т т і :

3.1. Ешқандай кедергісіз жер учаскесін ұсынады.

3.2. Қажетті материалдарды тасымалдау, сақтау, импорт баждарынан және материалдардың, жабдықтардың, аспаптар мен техниканың тура және жанама салықтарынан босату жөніндегі барлық шараларды қолға алады, сондай-ақ кедендік тазартуды кідіртпей жүргізеді. Қандайда бір себептер бойынша бұл шараларды орындау қиын болған жағдайда Қазақстан Үкіметі барлық салықтарды, алымдар мен төлемдерді, сондай-ақ олар келіп жеткеннен кейін бірден материалдардың кедендік т а з а р т у ы н ө з і н е а л а д ы .

3.3. Жобаның мердігері үшін барлық жеңілдіктерді, құрылыс жүргізуге арналған лицензияны және өзге де қажетті рұқсаттарды ұсынады, мердігерді елдегі мердігерлердің, сондай-ақ оның қызметкерлерінің, жұмысшыларының қызметіне қолданылатын барлық салықтар мен баждардан босатады және осындай жеңілдіктерді жобаны іске асыру жөніндегі мердігерлермен қатар жұмыс істейтін компанияларға да ұ с ы н а д ы .

3.4. Нобайлар мен жұмыс сызбаларын дайындауды жүзеге асыратын және жобаны іске асыру барысына қадағалау жүргізетін консалтингтік компанияның жұмысшыларына көмек көрсетеді, сондай-ақ компанияның қызметі және оның қызметкерлері, жабдықтары мен автокөліктері үшін қажетті рұқсаттарды ұсынады, оларды барлық салықтар мен баждардан босатады.

3.5. Сауд тарабымен байланыс жасау үшін Денсаулық сақтау комитетінің төрағасына өкілеттік береді.

3.6. Бұл жоба Сауд Арабиясы Корольдігінің гранты есебінен жүзеге асырылғандығы туралы араб және қазақ тілдерінде жазуы бар тиісті көлемдегі ескерткіш тақта о р н а т а д ы .

Меморандум қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді. Эр-Рияд қаласында араб, қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде екі дана 1422 Хыжраға сәйкес келетін 2001 жылғы _____ қол қойылды, бұл ретте оның барлық мәтіндерінің тең күші бар. Талас туған жағдайда ағылшын мәтіні негізге алынады.

Сауд Арабиясы Корольдігінің
Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Қаржы және ұлттық экономика
министрінің экономикалық
мәселелер жөніндегі

Қазақстан Республикасының
Төтенше және Өкілетті Елшісі
орынбасары

ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Сауд Арабиясы Корольдігінің Үкіметі арасындағы ынтымақтастық принципін басшылыққа ала отырып,

Қазақстанда аурухана салуға бес миллион АҚШ доллары (5 000 000) көлеміндегі грант бөлу туралы Жоғары келісім негізінде бұдан бұрын Корольдіктің Қаржы және ұлттық экономика министрлігінің техникалық тобы 2001 жылдың 9-28.02-ге сәйкес келетін Хыжраның 1421 жылының 11.15-де іс-сапарға шығып, Қазақстан Үкіметінің жауапты тұлғаларымен келіссөздер жүргізген, жобаның орнын көріп, қажеттіліктерді зерттеп, осы жобаға қатысы бар жауапты тұлғалармен кездескенін есепке ала отырып,

жобаны жүзеге асыру бойынша іс-шаралар ауқымын орнату мақсатында Сауд Арабиясы Корольдігінің Үкіметі және Қазақстан Республикасының Үкіметі төмендегілерге келісті:

1. А. Жүрек операцияларын жасауға арналған жобаның (аурухана) орны Алматы қаласында А.Сызғанов атындағы хирургиялық кешеннің ішінде, осы Меморандумға қоса тіркелген жалпы жоспарда көрсетілген, Орталықтың өкілдерімен арнайы делегацияның мүшелері барып танысқан, ғимарат салынатын жерде болады.

Ә. Грант қаржысы екі мақсатқа бағышталады: Біріншісі, бастапқы құны, қазақ тарапы дайындаған шығындар көлемі бойынша, үш миллион екі жүз мың АҚШ доллары болатын, жалпы көлемі 4495 шаршы метр бірнеше қабаттан тұратын аурухана салу. Ал, екіншісі, гранттың қалған бөлігіне ауруханаға қажетті медициналық аспаптар мен қондырғылармен қамтамасыз ету.

Б. Қазақ тарапы (А.Сызғанов атындағы хирургиялық орталық) егжей-тегжейлі жобалау, макет, чертеждар жасау үшін грантқа салынатын жобаның қажеттіліктерін, мамандануын, аурухананың жалпы бағдарламасын дайындап, сауд тарапына жолдауы қажет.

2. Жоба бөлінген грант шеңберінде пайдаланушы арнаған жерде жүзеге асады. Сауд Арабиясы Корольдігінің Қаржы және ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі Министрлік деп аталады) келесіні жасайды:

- жобаға қатысты макет, көлемдері, бастапқы және түпкілікті чертеждарды және құжаттарды дайындайды, делегацияның сапары кезінде қазақ тарапы ұсынған техникалық ұсыныстарға сәйкес сауд инженерлік консалтингтік компаниясының көмегімен, қазақ тарапының жобаның бастапқы жобасына келісімін негізге ала отырып, жобаны жүзеге асыруға техникалық бақылау жасайды.

- жоба мамандандырылған компаниялардың, оның ішінде қазақ және сауд фирмаларының арасында тендерге ұсынылады. Министрлік тендерге қатысушылардың талапқа сай екендігін салмақтап, жеңімпазды ең үздік ұсыныс негізінде анықтайды.

- Министрлік жобаны қаржыландыруды мердігердің консалтингтік компания

мақұлдаған сұрауларына сәйкес жобаның жұмыс барысына қарай жүзеге асырады.

3. Корольдіктің жобаны қажетті деңгейде жүзеге асыру ниетін басшылыққа ала отырып, Қазақстан Үкіметі келесілерді жүзеге асырады деген уағдаластыққа қол жетті:

3.1. Жобаны жүзеге асыруға қажетті жерді ешбір кедергісіз қамтамасыз етеді.

3.2. Жобаны жүзеге асыруға қажет заттарды рұқсат алудан, порт, қойма, импорт алымдарынан және барлық қажетті заттар, қондырғылар мен жабдықтарды, техниктерді және жобаны жүзеге асыруға қажетті заттардың барлығын тікелей және жанама салықтардың барлық түрлерінен босатады, сонымен қатар осылардың кеден арқылы кешігусіз өтуін қамтамасыз етеді. Егер қандай-да бір себептерге байланысты осы шараларды орындау қиыншылыққа ұшыраса Қазақстан Үкіметі келген заттарды кедендік босатудан өткізу үшін қажетті салық, алым және төлемдерді төлеуді өз м о й н ы н а а л а д ы .

3.3. Жобаны жүзеге асырушы мердігерге барлық жеңілдіктер жасайды. Оған қажетті құрылыс жүргізу лицензиясын және басқа рұқсаттарды беру, грантты пайдаланушы елде оның барлық әрекеттерін, оның қызметкерлері мен жұмысшыларын және жобаны жүзеге асыру бойынша онымен келісімге келетін жеке адамдар мен компанияларды барлық алымдар мен салықтардан босатады.

3.4. Жобаның жүзеге асуына бақылау жасайтын, жобаның эскизін, жұмыс чертеждарын дайындайтын консалтингтік компанияда істейтіндерге септік және көмек береді. Оның және қызметкерлерінің қызметіне, жобадағы қондырғылар мен көліктерге қажетті рұқсаттар береді, сонымен қатар оларды алым мен салықтың барлық түрлерінен босатуға көмек береді.

3.5. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау комитеті төрағасына сауд тарапымен байланыс жасауға өкілеттік береді.

3.6. Жоба Сауд Арабиясы Корольдігі бөлген гранттың есебінен салынғандығы туралы араб және қазақ тілдерінде үйлесімді көлемдегі тақтайды көрнекті жерге о р н а т а д ы .

Осы Меморандумға қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Меморандумға Эр-Рияд қаласында 2001 жылдың 22 қазанына сәйкес келетін Хиджраның 1422 жылының _____ екі нұсқада араб, қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде қол қойылды. Барлық нұсқалардың құқықтық күштері бірдей. Талас туған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін басшылыққа алынады.

Сауд Арабиясы Корольдігінің
Үкіметі үшін

Қаржы және ұлттық
экономика министрлігінің

орынбасары

Қазақстан Республикасының
Төтенше және Өкілетті Елшісі
экономикалық істер бойынша

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК